

<sup>1</sup> Сулейман Демирел атындағы университет, Қаскелен, Қазақстан

**ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ  
ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕЛЕРІН «АСПАЛЫ КӨПІР» АЯСЫНДА  
ҚАРАСТЫРУ  
(СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ РЕФЛЕКЦИЯ)**

**Аңдатпа:** Мақалада нақты күнделікті тіршіліктегі бір жағдай аясында студенттердің құқықтық санасы мен іс-әрекеттерінің қалыптасу үрдісі социологиялық талдаудан өткізіледі. Құқықтық сананың қалыптасуының қазіргі кездегі нақты сипаты көрсетіліп, оның күрделілігі талданады және де көтерілген мәселелердің шешу жолдары ұсынылады. Мемлекет тұрғысынан жасалған іс-шаралар өте қажетті және де олсыз мәселелер толықтай шешімін таппайды, бірақта адамдардың сол мәселеге заңды тұлға, субъект ретінде қатыспайынша шешілген мәселе адамдарға сырттай тағылған әрекет ретінде ғана қабылданады. Мұндай жағдайда адамдардың іс-әрекеті сырт көзбен қарағанда заңды, құқықтық іс-әрекет боп көрінгенменде, шын мәнінде ол тек имитация ғана болып келеді. Сондықтан да Аспалы көпір мәселесінде туындаған мәселелер адамдардың өздерінің тұрғыларынан оларды түсініп, саналы түрде тақылауға қатысып, өздеріне деген жауапкершілікті алған кезде ғана іштей құқықтық сана деңгейіне көтеріледі.

**Кілт сөздер:** Құқықтық сана, құқықтық іс-әрекет, еркіндік, субъект, жауапкершілік, күнделікті тіршілік, әлеуметтік, тұлға, сырттай қабылдау, іштей қабылдау.

Мемлекетіміздің қазіргі кездегі аса маңызды мәселелерінің бірі азаматтарымыздың құқықтық санасы мен іс-әрекеттерін қалыптастыру болып тұр. Конституциямызда мақсат етіп қойылған құқықтық мемлекет құру құқықтық санасы мен соған сай құқықтық іс-әрекеті қалыптасқан елдерде ғана нақты іс жүзінде асырылады. Сондықтан да осы өзекті мәселенің қазіргі кездегі жағдайын, деңгейін анықтауды күнделікті өмір тіршілігінде қарасырғанымыз ғылыми да, практикалық та маңызды деп санаймыз. Өйткені көп жағдайда жалпылай жазылатын ғылыми еңбектерде және де басқа да басылымдарда нақты қалыптасқан күнделікті өмір тіршілігі маңызды деп саналмай көлеңкеде қалып жататын бұрынғы кеңестік жүйе методологиясынан әлі де болса айырыла алмай келетініміз де шындық.

Құқық ғылымдырында құқықтық сана мен іс –әрекетті арнайы әлеуметтік ауқымда зерттейтін сала бар. Ол құқық социологиясы. Ғалымдардың бір бөлігі оны құқық саласына жатқызса, екіншісі социологияға жатқызады. Алдыңғы қатарлы елдерде бұл ғылым жақсы

дамыған болса, посткеңестік елдерде жаңа дамып келе жатыр. Соның көрінісі Ресей ғалымдарының берген бағасы: «Отандық юридикалық социология ғылыми мамандарды біріктіру мен қалыптасу кезеңінде тұр. Ол әлеуметтік-құқықтық сұрақтарды зертеудің және практикаға беретін ұсыныстарды жасаудың бастауында ғана.» (Юридическая социология.М.,2000. 17 б.) Қазақстан құқық социологиясы әлі қалыптасу үрдісін толық қанды бастаған да жоқ.

Сондықтан да, біз қарастыратын мәселе жай қарапайым күнделікті қалыптасқан, үйреншікті, ылғи да қайталана беріп әдет-ғұрыпқа айналып кеткен мәселелердің қатарындағылар. Мәселе СДУ-ің жанында жақында ғана іске қосылған Аспалы көпір төңерегінде болмақ. Біздің мақсатымыз осы кішкене ғана материалдық –затты құрылысты социологиялық, яғни адами қарым-қатынастық тұрғыдан өзімізді түсіну, анықтау, ұғыну арқылы өзіміздің құқықтық санамыз бен құқықтық іс-әрекетіміздің қазіргі жағдайы мен деңгейін, мәселелерін және де оларды шешу жолдарын талдау.

Талдауымызды Аспалы көпірдің өмірге келу тарихынан бастағанымыз жөн, себебі сонда ғана біз талдағалы отырған мәселенің жалпылай емес нақты өзінің тарихы арқылы қазіргі осы университеттің студенттерінің құқықтық санасы мен құқықтық іс-әрекетінің жағдайын түсінуге мүмкіндік аламыз.

СДУ Қаскеленнің кіре беріс жеріне жаңа ғимаратқа көшкеннен бастау алған осы Аспалы көпір мәселесі көптеген әлеуметтік мәселердің бетінашты.Бастапқыда СДУ- ің алдында автобустың тоқтауына арналған жолаушылар мініп – түсетін арнайы аялдамалар іске қосылды. СДУ –ің ғимараты орыналасқан жерде басқа мекемелер немесе тұрғын үйлер болмағандықтан бұл аялдаманы қолданушылар тек осы университет ұжымы болды және де әлі де болу да.

Жол полициясы тұрғысынан аялдамаға тиісті жаяу жүргіншілер өтетін ресми белгілер орынатылды: өтудің тақтайшасы, «зебра». Бірінші күннен бастап-ақ жолаушылар таситын маршрутқалар аялдамаға тоқтамастан университеттің дарбазасының дәл алдына жарыса тоқтап, кептелістер туғызып, жаяу жүргіншілер мен университетке кіретін-шығатын жолкөліктеріне қауіпті жағдайлар тудырды. Соның салдарынан жаяу жүргіншілер де , жолкөліктері де апат оқиға жағдайларына душар болып, зардап шеккен фактілер орын алды.

Енді жол көлік апаттарына байланысты ресми статистикалық мәліметтерге жүгінейік.2013 жылы Қазақстанда жаяу жүргіншілердің қатысымен 3913 жол көлік апаты орын алып, онда 349 жаяу жүргіншілер қаза болып, 3 794 түрлі жарақат алды. Өкінішке орай бұл көрсеткіш 2012 жылмен салыстырғанда 1,5 есе өскен екен.

2015 жылдың 9 айында 5 600 көлік апаты жаяу жүргіншілердің

қатынасымен болды және де 525 жаяу жүргінші қаза болып, 5400 түрлі жарақат алды. (Закон. KZ, 20.10. 2015). Егерде біз осы көрсеткіштің арифметкалық ортақ санын шығарып, оны қалған үш айдың есебіне қоссақ қаза тапқандар саны 699-ге жетер еді. Яғни қаза тапқандар саны 2013 жылға қарағанда екі есеге өскен болар еді .

Қазақстан Интерфаксінің ақпараты бойынша Республикамызда 2002 – 2012 жылдар аралығында жол апатынан 32 000 адам көз жұмып, 160 000 түрлі жарақат алған.

Салыстырмалы түрде қарастырсақ кеңестер әскерлерінің Афганистандағы 9 жыл соғысынан 15 051 әскер қаза тауып, 53 753 жарақаттанып, 417 жоғалып кеткен еді. Ал соғыссыз бейбіт күндері жол апатынан қаза болғандардың саны еке есе көп боп тұр. Яғни бұл деректер қарастырған мәселенің қоғам және жеке адам үшін де қаншалықты өте маңызды екенін көрсетеді.

Автобус аялдамасында орынаған келеңсіз жағдайды реттеудің екі бағыты бар болатын. Біріншісі- азаматтардың өз құқықтарын саналы түрде қорғау және де осыған байланысты жауапкершіліктерін де бұлжытпай атқару. Екіншісі- өкіметке, жергілікті атқарушы органдарға арнайы жолдама жазып жаяу жүргіншілерге аспалы көпір салуды сұрау.

Енді осы бірінші бағытта университетте істелген іс-шараларын қарастыралық. Маршруткалардың жол ережесін бұзушылықтары жол апатына алып келетіні сөзсіз. Ал бірақ та, осы келеңсіз жағдайдың туындауы тек қана маршруткалардың жүргізушілерінің кінәсі ғана емес, оған сол маршрутканы пайдаланатын жолаушылардың да тікелей қатыстары бар. Жоғарыда айтылғандай университеттің аялдамасын пайдаланатын тек осы ұжымның мүшелері болғандықтан олар өздерінің заңды мүдделерінің маршрутка жүргізушілері тұрғысынан заң бұзушылықтарын болдырмауға жүз пайыз мүмкіндіктері бар.

Соған дәлел ретінде мына өткен ғасырда АҚШ-та болған оқиғаға тоқталайық. 1955жылы 1 желтоқсанда АҚШ-тың Алабама штатының Монтгомери қаласында автобуста жолаушы Роза Паркс атты қара нәсілді әйел азаматы ақ нәсілділерге тұрып орныңды бер деген жүргізушінің бұйрығын орындамай қойды. Полиция Парксті тұтқындап, 14 долларға айыпақы төлетті. Осы шешімге бүкіл афроамерикандықтар наразы болып, автобус көліктеріне мінуден бас тартып, байкот жасаудың салдарынан сегрегацияның осы түрі жойылған еді. Яғни қара нәсілділер тұтынушылар ретінде өз құқықтарын пайдаланып нәсілдік дискриминация мәселесін шешудің тиімді жолын тапты. Олар тұтынушылар ретінде қызмет көрсетушілерге өз құқықтарын мойындатуға мәжмүр етті.

Дәл осындай тәсілді жолаушылар тұтынушылар ретінде жол ережесін бұзған маршрутка жүргізушілерінің заң бұзушылығына қарсы қолдануға болатын, яғни СДУ ұжымының адамдары маршрутка ресми

аялдама орнына тоқтамаған жай да оған мінбейді. Ал осындай шешім қабылдауға бір ұжымның адамдары және де жоғарғы білімі бар не сондай білім алушы азаматтар болғандықтан ортақ негіз де, мүмкіндік те мол еді. Бірақ та, осындай шешім қабылдау өзінен –өзі ешбір қиындықсыз келмейтіні де белгілі болатын, өйткені қазіргі кезге дейін ондай құқықтық сана мен құқықтық іс-әрекет, оған негіз болатын әлеуметтік институт-азаматтық қоғам қалыптасқан жоқ. Сондықтан да әр студенттер тобында эдвайзерлер аялдамаға байланысты туындаған әлеуметтік мәселелерді талқыға салып, түрлі пікірлерді тыңдап студенттердің азаматтық, тұлғалық мәртебелерінің құқықтық сана мен құқықтық іс-әрекетерін тұтынушы ретінде қорғауға жұмылдырып, бір ортақ шешімге келу керектін. Сөйтіп заңбұзушы маршрутқа жүргізушілерін заңға бағындыру, заңды құрметтеуді мойындату болатын.

СДУ –дің «Социологиялық талдау және болжау» ғылыми зертханасы өзінің қасында ашылған «Пікір» атты пікіралмасу алаңында 2014 жылдың желтоқсанында «Абайламаған аялдама» атты Дөңгелек үстел өткізді. Оның материалы 25 желтоқсан 2014 жылғы «Қазақстан-ZAMAN» газетінде жарияланды. Оған СДУ профессор оқытушылары, студенттер, әкімшілік, Қарасай ауданы әкімшілігінің жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдарының, аудандық патрульдік полиция бөлімінің, аудандық ІІБ кадрлер бөлмінің, аудандық автопарк әкімшілігінің өкілдері қатысты.

Жол ережесін бұзу, нақтылай айтсақ жолды арнайы ресми өтпелі жерден өтпей, автобуска мініп-түсу тек аялдамада ғана емес қай жерде болса іске асырылуы қазіргі кезде қоғамдық пікірде ұсақ-түйек деп қабылдануда. Ал шын мәнінде өмір осындай ұсақ-түйектен тұрады, яғни ұсақ-түйек қандай болса, біздің өміріміздің мәні, біздің болымысымыз да сондай. Аялдама мәселесі социологиялық зертхана ғалымдарының жетекшілігімен өзекті мәселе деп университеттің ұжымының қоғамдық санасына, пікіріне айналдыруға бет бұрыс жасалды. 2014 жылдың көктемінен бастап инженер мен филология факультеттерінің студенттерінің күшімен студенттік топтарда пікіралмасу, кішігірім социологиялық сауалнамалар жүргізу, оларды талқылау арқылы университет ұжымында осы мәселенің әлеуметтік мәнінің ролі туралы қоғамдық пікір қалыптаса бастады. Осының нәтижесінде аялдама мәселесінің әлеуметтік мәні айқындалып, оның жеке адамның тұлғалық қасиетіне, өзінің құқын қорғауына, өзіндік еркін тұлғалық менінің қалыптасуының орны көрсетілді. Мәселен, осыға дейін дәстүр дәрежесіне дейін көтерілген маршрутқа жүргізушілерінің жолаушылардың азаматтық құқықтық мәртебесін аяқасты етіп оларды кісі емес, тек 80 немесе 100 теңге ретінде ғана қабылдауы. Ал бұл процес біржақты емес. Оның осындай түрде өтуі жолаушылардың саналы немесе ойланбай өз

құқықтарын қорғамай, өздерін тұлға, азамат ретінде санамай маршрутқа жүргізушілердің үстемдігін мойындауға жол беруі. Соның салдарынан жолаушыларды маршрутқа жүргізушілері автобусішіне кептеп салып алып, қай жерде өзінің қалауынша тоқтай салып түсіру-мінгізу үйреншікті жайға айналған болатын. Мұндай жағдайеркін ойлайтын азаматтардың құқықтық сана мен құқықтық іс-әрекеттерінің қалыптаспағанының көрінісі еді.

Аялдамаға байланысты әлеуметтік ерікті қозғалыс (азаматтық қоғамның көрінісі) университетте 2013- 2014 оқу жылдарының көлемінде басталып жаңа 2014-2015 оқу жылдары жалғасын тапты. Құқықтану бөлімінің 2 курс «А» тобының студенттері топ- топқа бөлініп 3-4 айда мәселеге байланысты социологиялық сауалнамалар жүргізіп, олардың нәтижелерін интернет жүйесінде жариялап, аялдамаға қатысты қызмет мекемелеріне барып істің мән-жайымен таныстырып, мәселені бірігіп шешуге шақырды. Нақтылай айтсақ олар мына әлеуметтік топтармен жұмыс жасады: студенттермен, факультет деканаттарымен, көлік жүргізушілерімен, аудан әкімшілігімен, аудан жол полициясымен, автобаза әкімшілігімен. Барлық жерде оларды құшақ жайып қарсы алған жоқ, көптеген кедергілер болды және де жұмыстың тиімділігі де қанағатырарлық деңгейде жүрмеді. Оның себебі қалыптасқан дәстүрлі көзқарас пен діл еді. Дегенмен де сол атқарған волонтерлік жұмыстың нәтижесі де жоқ емес болатын.

СДУ ұжымында аялдаманың әлеуметтік мәні туралы қоғамдық пікір қалыптасып, адамдар өз құқықтарын қорғау керектігі туралы мәселелер талқылап, әрекеттер жасай бастады. Олар тек аялдамада ғана маршрутқа отыруға тырысып маршрутқа жүргізушілеріне өз заңды талаптапрын орындатып, алғашқы кішкене де болса жеңістің дәмін татты. Бұл жеңіс ең алдымен бұрынғы өздерінен жаңа өмірге келе жатқан өздерінің жеңісі еді. Сол жеңістің түйіні осы жоғарыда айтылған Дөңгелек үстел түрінді атқарылды. Онда мәселеге қатысы бар барлық әлеуметтік топ өкілдері өз пікірлерін ортаға салып талқылады. Студенттердің зерттеу топтарының жетекшілері Ғалия Деме, Еңлік Ермекова, Ару Қарсақова, Саламат Жангазина, Ақмарал Батырхановалар жүргізген істерінің нәтижелерімен, мәселелерімен және оларды шешу жолдарымен жиналғандарды таныстырды. Осыған байланыстынақты ұсыныстар негізінде қауылы шешім қабылданды. Дөңгелек үстел соңында Құқық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы, п.ғ.к. Сатылмаш Йылмыз Халит мырза: «Бұл кездесудің маңыздылығы осы мәселеге қатысы бар барлық субъектілердің бірге отырып мәселені шешуге тырысқандықтарында. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам құрудың тек сөз жүзінде емес, нақты өмірдегі көрінісі осы кездесу деп білемін. Сонымен қатар, болашақ заңгерлердің өмірде болып жатқан

келеңсіз жағдайларды заң негізінде шешуге араласу арқылы кәсіби мамандықтарымен қатар тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың үздік тиімді жолы», -деді. («Аялдамадағы айқай. Қазақстан –ZAMAN, 25 желтоқсан,2014, 13б.)

Дөңгелек үстелге қатысушылар университет әкімшілігіне келесі ұсыныстар жасады:

Жаяу жүргіншілерге арналған жолақ сызық жанына бейнебақылау орынату;

Ереже бұзған студенттер, оқытушылар мен өзге де университет қызметкерлеріне әкімшілік тұрғысынан шара қолдану;

Университет аялдамасына жақын жерге жаяу жүргіншілерге қақпаны бөлек шығару;

Университеттің факультет деканаттарында қоғамдық жол жүру ережелерін сақтауға шақыратын үгіт-насихат жүргізу.

Сонымен қатар Дөңгелек үстел келесі шешімдерді қабылдады:

Жол-патрульдік қызметкерлерінен бір ай көлемінде таңертең-кешке кезекшілік атқарып, жол жүру ережелерінің сақталуы қадағаланса;

Жол ережесін бұзған жүргізушілерге айыппұл салынса;

Университеттегі оқытушы-кураторлар осы бағытта тәрбие жұмыстарын жүргізсе.(«Аялдамадағы айқай. Қазақстан –ZAMAN, 25 желтоқсан,2014, 13б.)

Университет ұжымының құқықтық сана мен құқықтық іс-әрекеттің қалыптасуы әр адамның өзінің ішкі дүниетанымының саналы түрде қоғамдағы күнделікті тіршілігінде, соның ішінде жол ережесін сақтау, заңды нормаларды орындау және де заңбұзушылыққа қарсы күресу бағыты жолында атқарған қыруар істері өз нәтижесін бермей қойған жоқ.

Дөңгелек үстел шешіміне байланысты жол полиция қызметкерлері бір ай бойы ертелі-кеш аялдамадағы жол тәртібінің бұзылмауын да қадағалады.Студенттер, профессор, оқытушылар тұрғысынан да жол ережесін бұзушылар азайды. Дегенмен де, заң бұзушылық мүлдем тиылған жоқ. Біздің ұғымымызша мұндай көзқарастың негізінде күнделікті тіршілікті екінші қатарлы мәселе деп қарастыратын методологиялық ұстаным жатыр. Сонымен қатар бұл қандай да мәселе болса әкімшілік ресурстарымен ғана шешу тиімді деген қағиданың көрінісі. Ал мәселені көпшіліктің талқылауына салып, түрлі пікірлерді тыңдап, олардың уәждеріне дәлелді жауап беріп, әбден «иін» қандыру әрине көп уақытты, жігерді алатыны да белгілі. Мұндай методологиялық тәсілге тәрбие жұмысын басқаратын адамдар ертелі кеш көшетіні сөзсіз, себебі ондай талап заман талабы. Мәселе уақыт жібермей саналы түрде сол тәсілге көшу. Біздің осы мақаланы жазып отырғанымыздың бірден бір себебі мәселені осы қырынан түсінуге назар аудару.

Біз енді екінші бағыттағы істерге тоқталайық. 2014 жылы 11

қазанда СДУ ұжымы Алматы облысы әкімі Амандық Ғаббасұлы Баталовпен кездесті. Сол кездесуде студенттер облыс әкіміне жаяу жүргінші аспалы көпір салу жайлы өтініштерін айтқан болатын. Облыс әкімі мәселені мұқият қарастыратынын және мүмкіндігінше шешуге тырысатынын жария еткен еді. 2015 жылы 28 желтоқсанда Алматы облысының әкімі Амандық Ғаббасұлы Аспалы көпірдің салтанатты ашылуына қатысып, СДУ ұжымымен кездесіп, студенттердің өтінішін ойдағыдай орындалғанына ризашылығын білдіріп, соны іске асырған құрылысшылар мен кәсіпкерлерді өзімен бірге ала келіп оларға алғысын айтып жиналғандардың құрметіне бөленді. Бұл істің үлкен әлеуметтік мәні бар екенінің көрінісі еді.

Әкім бұл істің әлеуметтік мәртебесін мейілінше көрсете де білді. Нақтырақ айтсақ көпірдің адамдардың қауіпсіздігіне байланысты қажеттілігін түсінгені көпірді салдыруды маңызды деп оны іске қосуды ұйымдастыруы. Көпір салынбаса адамдар өз тұрғыларынан қаншалықты заңды іс- әрекеттер жасағанмен де заң бұзушылықтарға көптеген «қолайлы» жағдайларға жол ашық болатындығын көре білуі. Көпірді салу арқылы қарапайым көпшіліктің, соның ішінде жастардың, осы мәселеге байланысты билікке деген сенімсіздіктің негізін жойды. Өзі келіп студенттердің, университет ұжымының алдында формалды емес адами қарапайым форматта жүздесіп, жалпы алдағы жоспарларымен бөлісуі және де көпірді салған ұжым өкілдерін жұртпен таныстырып, оларға өз тұрғысынан рахметін айтқаны тұтынушылар мен өндірушілер арасындағы тауарлық қатынасқа әлеуметтік адами мәнді көрсете білгендігі.

Сонымен қатар студенттердің жасаған бейнеролигін құрметпен алып өзіне тартылған қымбат тарту деп қабылдауы осы кездесудің әлеуметтік мәнін артыра түсті.

Аспалы көпір іске қосылғаннан бір-екі ай өткеннен кейін біз студенттердің қаншалықты жолды осы көпір арқылы өтіп жүргендері туралы шағын сауалнама жүргіздік. Сауалнама 146 студенттерден алынды. Оның 24-тінің объективті жағдайға байланысты көпірді қолдануға қажеттілік туындамайтын болып шықты. Ал қалған 122 респонденттің жауаптарының нәтижелері келесі топтарға бөлінді:

Бірінші топ-Ылғи да көпір арқылы өтемін -36%;

Екінші топ-Кейде көпірі арқылы өтемін, кейде заңды бұзып жолды жаяу жүргінші өтпеуге тиісті жерден өтемін- 55%;

Үшінші топ-Ылғи да көпірден өтпей, заңды мойындамай, жолды жаяу жүргінші өтпеуге тиісті жерден өтемін -9%.

Сонымен қатар мақаланың басында көрсетілген маршрутқалардың ресми белгіленген автобус аялдамасына тоқтамай кез келген жерге тоқтауы, соған байланысты жол апатына алып баратын жағдай тудыру

жайлары да әлде боса кездесуде.

Енді әр топ өкілдерінің өздерінің осындай іс-әрекет жасауларының себебіне және мәселені шешу туралы ұсыныстарын байланысты пікірлерін қарастырайық.

Бірінші топ өкілдерінің (тек көпірден өтетіндер) себебіне байланысты жауаптары:

- Өзімнің өмірім үшін қорқамын, егер жолдан өткен кезде машина қағып кететін болса, өзім кінәлі болып саналамын.

- Көпір салуға көптеген ақша жұмысалды, тер төгілді біз енді олардың қадірін білмей пайдаланбағанымыз дұрыс болмайды.

- Жаяу жүргіншілерге жолдан өтуге рұқсат беретін тақтайшалар алынғандықтан жолдан өту қаупті.

- Жолдан өту жол ережесін бұзу боп табылғандықтан, көпірмен өту дұрыс деп табамын.

- Себебі менің өмірім мен үшін қымбат, өмірімді қатерге апарғым жоқ.

- Себебі бұл менің болашақ заңгер болғандықтан ережеге бағыну керек.

- Көпір қауіпсіздік үшін жасалды, ол деген сөз заңды түрде сіз көпірден өтукерексіз, жолмен өту заңсыз, заң бұзушылық.

- Менің ылғида көпірден өтетін себебім жолда көліктер қатты жүреді, тоқтай алмай қалуы мүмкін. Сондықтан ылғи көпірден өтемін.

- Менің кесірімнен келеңсіз жағдайлар болып жатса аенің кесірімнен бір көлік жүргізушісі жапа шегуі мүмкін.

Екінші топ өкілдерінің (кейде өтетіндер) себебіне байланысты жауаптары:

- Кейде менде уақытым тығыз болып көпірден емес, жолдан өтуге мәжбүр боламын. Ал уақытым бар кезде көпірден өтемін.

- Көпірден өтуге кейде ерінемін.

- Көпірден өту көп уақыт алады.

Үшінші топ өкілдерінің (көпірден ешқашан өтпейтіндер) себебіне байланысты жауаптары:

- Тәрбием нашар. Көпірден өту уақыт алады.

- Тәуеклділікті жаным сүйеді.

- Мәселені шешуге байланысты ұсыныстар:

**Бірінші топ ұсыныстары:**

Студенттердің санасына көпірмен өтудің маңызын жеткізу керек.

Ал ол үшін, универдің мұғалімдерінен бастау керек.

Кураторлар сағатында терең түсіндіру керек. Көптеген студенттер басқа қалалардан келген.

Стденттердің құқықтық санасын қалыптастыру, дамыту.

Күзетте тұратын адамдарға қадағалату керек.

Белгілі бір уақытқа бұл жергежол полициясын немесе қадағалаушы қою керек.

Жол апатының қайғылы оқиғаларын келтіру арқылы үрей тудыру.  
(Привести пример. Давить на страх)

Жол ережесін бұзғандарға айыппұл салу, содан кейін бәрі түзеледі.

Бір апта бойынша жасырын камераға түсіріп, апта соңында жалпы университеттік жиналыс жасау арқылы санаға жеткізу, түсіндіру.

Университет әкімшілігі тұрғысынан жазалар қолдану.

Өкінішке орай ұсыныстардың ішінде бірде-бір студенттен өзім заң бұзбаймын және де басқалар бұзуына қарсы іс-әрекет жасаймын деген ұсыныс болмады. Яғни құқықтық сана мен іс-әректті қалыптастыруға белсенді іс- қимылдар әлі де студенттер тұрғысынан жасалмауда. Ең ары барса заң бұзбаушы студент тек өзімен шектелуде. Әрине ол да жаман емес. Дегенмен де дәл осы бірінші топ өкілдерінің белсенділігісіз мәселе шешілмейтіні де анық.

#### **Екінші топ ұсыныстары:**

Көпірдің бар болғаны негізінен дұрыс. Бірақ, баршамызға тиімсіздеу. Егерде таңертең жол полициясы тұрып бақылау жасап, көпірден өтуді талап ететін болса, барлығымыз заңға бағынамыз. Бір жағынан қауіпсіздік ережесін бұзбас едік.

Мына ұсыныс жастардың инфантилдік сана мен іс-әрекетінің классикалық көрінісі. Адамдардың өзін-өзі басқару, соның негізінде істеген әрекеттеріне өздері жауапты болу тәжірибесінің және де соған сай әлеуметтік институттардың қалыптаспауы осындай болмыс тудырып отыр. Әрине мұндай жағдайдың тамыры терең кешегі отарлық, тоталитарлық жүйеде жатқаны да белгілі. Ол жүйелер адамдарды тек атқарушы құрал ретінде қарастырып қана қоймай бкіл саясатты осы бағытқа жұмылдырған. Адамдар тек қол жайып сұрау немесе тек сырттай бақылау арқылы іс-әректтерін жасаған. Өз еркімен жасалған іс жазаланатын. Мына ұсыныс та сондай жағдайдың көрінісі. Сырттан жазалаушы күш болмаса ешнәрсе шешілуі мүмкін емес деген сенім әлі де болса өз үстемдік етуінің дәлелі.

Айыппұл салу.

Камера қою.

Жол бойына забор қою.

Лифті іске қосып, адамдарды көпірден өтуге ынталандыру.

#### **Үшінші топ ұсыныстары:**

Жол полициясын қойып айыппұл төлеткізу.

Әзірше шешімін көріп тұрған жоқпын.

Бұл топтың ұсыныстары қайшылықтармен көрініс табады. Бір жағынан олар заңды мойындамайды, екінші жағынан заңды мойындату үшін жазалушы шаралар қолдану керек дейді. Міне бұл жауаптан да

топтың өзiмдiк еркiндiк деген ұғымының түптеп келгенде еркiндiк емес сыртқы үстемдiк күштiң айтқанын бұлжытпай орындаушы ғана екенiн көреміз. Өйткенi еркiндiк iштей жауапкершiлiктiң ажыраспас екiншi қыры. Жауапкершiлiк жоқ жерде ерiндiк те жоқ, еркiндiк жоқ жерде жауапкершiлiк те жоқ. Жауапкершiлiк заңды құрметтеу арқылы еркiндiкпен тұтастанады.

Сондықтан құқықтық сана мен құқықтық iс-әрекет мақаланың басында көрсеткендей екi бағыттың үйлесiмдiгiмен ғана толық қанды қалыптасады. Егер де мемлекет өз тұрғысынан адамның қандай да мәселелерiн шешудi өз мойнына алып, оны шешiп берiп отырса, ал адамдар тек қана тұтынушы ретiнде ғана қарастырылса, онда адамдардың жасампаз адам ретiнде де және шын мәнiнде де адами қасиеттерiнен айырылады. Ол тек сыртқы жазалаушы күштен қорықанынан ғана заңға бағынады. Және де мемлекеттiң жасаған жақсылығын да бағаламайды.

Қазiргi заманның белгiлi ағылшын социологы Энтони Гидденстiң: «Тарих дегенiмiз уақыт пен кеңiстiкте iс-әрекет пен құрылымның үздiксiз арақатынасы негiзiнде құрылымдандыру (структурация): кеңiстiк-уақыт ауқымды мерiзiм аумағында пенделiктi сипаттағы күнделiктi тiршiлiктiң институционалдық түрлерiмен арақатынасы» [1, 485 б.].

Яғни бiз қарастырған күнделiктi тiршiлiкте, соның iшiнде Аспалы көпiрден өту үрдiсiне арналған социологиялық рефлексиясының теориялық ұстанымы осы Гидденстiң тұжырымымен сәйкес. Пенделiктi сипаттағы iс –әрекеттсiз қоғамның институционалдық түрлерi, соның iшiнде мемлекет, билiк өз функцияларын атқара алмайды.

Ал ондай болмас үшiн әр iске адамның өзiн заңды тұлға ретiнде араластырып, оның мендiк, өзiмдiк қасиеттерiн дамытуды маңызды деп қарастыру керек. Олай болса студенттердiң Аспалы көпiрдi күнделiктi өмiрде пайдалануы, маршрутқа жүргiзушiлерiнiң заң бұзуымен белсендi күресу, көпшiлiктiк пiкiралмасу, талқылау, мәнiн түсiну арқылы ғана олардың құқықтық саналары мен құқықтық iс-әрекеттерi қалыптасады. Сол арқылы олар еркiндiк пен жауапкершiлiк қасиеттерiн бойларына iштей қалыптастырады.

Өзiрше социологиялық сауалнаманың материалдарының мәлiметтерi университетiмiзде осы мәселелерге маңызды деп қарау керектiгiн талап етедi.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тiзiмi:**

1 Гидденс Э. Устроение общества: Очерк теории структуриации. 2-е изд. / Э. Гидденс. – М.: Академический Проект, 2005. – 528 с.

**I.A. Aitimbet<sup>1</sup>, L.N. Kassymova<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>*Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan*

QUESTIONS FORMING LEGAL, CONSCIOUSNESS AND LEGAL ACTION TO EXAMINE "ON AREA CIRCUMFERENCE SUSPENDED OF BRIDGE"

**Abstract:** The article provides a sociological analysis of the process of formation of legal awareness and legal action of CDS students in their daily lives. On materials of the particular case study reveals the complexity of the process and suggests ways to address them. The State has shown the role in this process and it is stated that without an active policy on his part can not be solved this problem. However, this process must be connected and the students themselves as full-fledged subjects endowed with certain powers. Students on a voluntary basis should be involved in the process of discussion, decision-making, because only then they will form a conscious responsibility and legal consciousness on the basis of legal action as a whole. Administration of the University should be paid to this aspect special attention.

**Key words:** Legal consciousness, legal action, freedom, subject, responsibility, everyday life, social, personality, external perception, internal perception.

**И. Айтимбет<sup>1</sup>, Л.Н. Касымова<sup>1</sup>**

*<sup>1</sup> Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан*

ВОПРОСЫ ПРАВОВОГО СОЗНАНИЯ И ПРАВОВЫХ ДЕЙСТВИЙ  
ПРИ ИСПОЛЬЗОВАНИИ «ПОДВЕСНОГО МОСТА»  
(СОЦИОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ)

**Аннотация:** В статье содержится социологический анализ процесса формирования правового сознания и правового действия студентов СДУ в повседневной жизни. На материалах конкретного социологического исследования раскрывается сложность данного процесса и предлагаются пути их решения. Показывается роль государства в данном процессе и утверждается, что без активной политики с его стороны не может быть решена данная проблема. Однако, в данный процесс должны быть подключены и сами студенты как полноправные субъекты, наделенные определенными полномочиями. Студенты на добровольческих основах должны участвовать в процессе обсуждения, принятия решения, ибо только тогда у них сформируется осознанная ответственность и правовое сознание на основе правовых действий как единое целое. Администрации университета следует обратить на этот аспект особое внимание.

**Ключевые слова:** Правовое сознание, правовые действия, свобода, субъект, ответственность, повседневность, социальное,

личность, внешнее восприятие, внутреннее восприятие.

IRSTI 04.61

**Sh. Konysbayeva<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>*Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan*

## **MOTIVATION OF WOMEN LEADERS' IN HIGHER EDUCATION OF KAZAKHSTAN**

**Abstract:** In this article research of motivation and success of women – leaders in the sphere of the higher education in the Republic of Kazakhstan in modern conditions is considered. In work is the essence and major factors of leadership of women, professional prospects of women of leaders in educational system are considered, and also studied a question of progress of participation of leading female in system of the higher education of the Republic of Kazakhstan. Within the present article the following most important results are received:

1. The concept of motivation is defined and interrelation with career is revealed.
2. The technique of an assessment of system of motivation in higher education institutions is developed.
3. The main directions for development of system of motivation of women in Kazakhstan higher education institution are defined.

**Key words:** Motivation, success, gender distinctions, higher education institution, university, professional activity, motives, power, competition, growth, motivator.

The research will be began with disclosure of a leadership problem. The problem of leadership is one of the most actual problems among social sciences. All human life proceeds in a social context, it lives and acts as a part of various groups and, therefore, comes under influence of various informal and formal leaders, the people possessing different personal qualities and social standing (the senior in a family, teacher, trainer, leader of criminal group, etc.) can be them.

The concept "leadership" is a subject of researches in sociology, political science, psychology and some other sciences about the person and society. Leadership is inevitable in any civilized society and penetrates all spheres of activity [1 p. 36].

The essence of concept of leadership of researches on management consists in administrative interaction (in this case between the leader and followers), the combination of various sources of the power, based on most